

"Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 419 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 245 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 1182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.12.2023 № 1182 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 419 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспары:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 4-1, 4-2 және 4-3-жолдармен толықтырылсын:

"

4-1.	Экономиканың әртүрлі салаларындағы өндіріс ерекшелігіне байланысты жұмыс орнындағы өндірістік факторлардың әсерін ескере отырып, еңбек жағдайларын жіктеу және бағалау әдіснамасын өзектілендіру	әдістемелік ұсынымдар	2023 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша), кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (келісу бойынша)	талап етілмейді
	"Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген				

4-2.	тамақ өнімдері және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған мамандандырылған өнімдер, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1054 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	бұйрық	2023 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша), кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (келісу бойынша)	талап етілмейді
4-3.	Кәсіптік тәуекелдерді басқару негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізуді ескере отырып, жұмыс берушінің қызметін декларациялау тәртібін өзектілендіру	бұйрық	2023 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша), кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (келісу бойынша)	талап етілмейді

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-1-жолмен толықтырылсын:

<p>12-1.</p>	<p>Мына: өндірістік жарақаттанудың алдын алу тетіктерін жетілдіру; а у ы р жұмыстарда, е ң б е к жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге қосымша демалыс, қысқартылған жұмыс уақыты, еңбекақының жоғары мөлшері , міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу түрінде кепілдік берудің тәуекелге бағдарланған тетігін енгізу; шағын және м и к р о кәсіпорындар үшін еңбекті қорғауды басқару жүйесінің үлгілік ережесін әзірлеу бөлігінде "Қазақстан Республикасын ың Еңбек кодексіне өзгері стер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасын ың Заңы жобасының тұжырымдамасы н әзірлеу</p>	<p>тұжырымдама</p>	<p>2023 жылғы желтоқсан</p>	<p>Еңбекмині</p>	<p>талап етілмейді</p>
--------------	---	--------------------	---------------------------------	------------------	------------------------

"
,

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 22-1-жолмен толықтырылсын:

"

22-1.	Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбектің тәуекелге бағдарланған экономикасының институционалды қ инфрақұрылымын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру тетігі)	еңбек заңнамасына ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізу жөніндегі ұсыныстар	2022 –2024 жылдар	Еңбекмині, ЕҚРҒЗИ (келісу бойынша)	034 "Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 359 536 мың теңге мөлшерінде (конкурстық рәсімдер шеңберінде)
-------	--	--	-------------------	------------------------------------	---

"
,

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 28-1-жолмен толықтырылсын:

"

28-1.	"Электрондық еңбек биржасы" (enbek.kz) ақпараттық порталында ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесінің енгізілуі мен жұмыс істеуін ақпараттық-анықтамалық сүйемелдеу үшін мынадай жаңа функционалдарды әзірлеу: өзекті нормативтік және әдістемелік база;	енгізу хаттамасы	2023 жылғы 2-тоқсан	Еңбекмині, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша), кәсіптік одақтардың	талап етілмейді
-------	--	------------------	---------------------	---	-----------------

еңбекті қорғауға арналған шығындарды жоспарлау және бюджетті құру; еңбек консультанты	республикалық бірлестіктері (келісу бойынша)
---	--

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК